

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 желтоқсандағы N 1263 қаулысы "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Заңына, "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес әрі материалдық және моральдық зиянды өтеу туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 9743771,61 теңге (тоғыз миллион жеті жүз қырық үш мың жеті жүз жетпіс бір теңге алпыс бір тиын) бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 3 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1263 қаулысына қосымша

Азаматтық істер бойынша орындалуға

тиіс сот шешімдерінің тізбесі

Р/с N	Сот органының атауы мен шешімнің күні	Талапкердің Т.А.Ә.	Мемле. кеттік бажды шегер. г е н . д е г і	Мемле. кеттік баж (теңге)

			с о м а	
			(т е ң г е)	
1	2	3	4	5
1	Алматы қаласы	Балкенова А.Н. Әуезов аудандық сотының 2000 ж. 27.09. Алматы қаласы Әуезов аудандық сотының	- 6 216,61	
	2001 ж. 19.07. ұйғарымы			
2	Қарағанды қаласы	Ковалева Т.Н. Қазыбек би ауданының N 2 аудандық сотының	30 000	-
	2003 ж. 22.05. шешімі			
3	Өскемен қалалық	Гончаров В.Н. сотының	5 000	-
	2001 ж. 15.05. қаулысы			
4	Ақтөбе облысы	"Бриг" ЖШС Ақтөбе қаласы сотының	788 103	-
	2001 ж. 02.09. шешімі			
5	Қызылорда қалалық	Асқаров Р.Ш. сотының	220 436	-
	2003 ж. 25.02. шешімі			
6	Алматы қаласы Бостандық аудандық	Омарова А. Есенқұлов А. сотының	500 000	-
	1998 ж. 02.06. шешімі			
7	Орал қаласы сотының	Пинегга А.Н.	8 001 820	-
	2002 ж. 27.12. шешімі			
8	Алматы облысы	Қамбаров Р.Я. Еңбекшіқазақ ауданының N 2 аудандық сотының 2001 ж. 14.11. Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі алқасының 2002 ж. 16.01.	192 196	-

№ 33 - 06 - 02 қаулысы
Алматы облысы
Еңбекшіқазақ ауданының
№ 2 аудандық сотының

2003 ж. 08.08. ұйғарымы

Жиыны

9 737 555 6 216,61

Жалпы сомасы

9 743 771,61
